Қамқоршылық кеңесті құру және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабаларама береміз

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығына сәйкес «Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ қамқоршылық кеңесті құруға ұсыныстар қабылданатынын хабарлаймыз.

Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;

2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкідері;

3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);

4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;

5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Қамқоршылық кеңес құрамына "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 1-тармағының 2 және 3 тармақшаларында көрсетілген адамдар кіргізілмейді.Олар:

2 Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3 медициналық қарсы көрсетілімдері, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған;

Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде

Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Өтініш (еркін түрде);

2. Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3. Қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;

4. Білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);

5. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Ұсыныстар хабарлама шыққаннан кейінгі 20 жұмыс күн ішінде қабылданады.

Байланыс телефондары:

Қабылдау бөлімі: 8(71037) 2-12-49;

«Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ директорының міндетін атқарушы Мусина А.А.

Электрондық почта: a.bokeihan@mail.ru